



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 25 маусым

2018 жылғы 15 маусымнан 22 маусым аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

22 маусымдағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптаның ішінде 1,2%-ға (336,39-дан) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 340,27 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 2018 жылғы 15 маусымнан 22 маусым аралығындағы маңызды оқиғалар Еуроодақ тарапынан АҚШ-тан импортталатын кейбір тауарларға тарифтер енгізу, АҚШ өкілдерінің Еуроодақтан импортталатын барлық автомобильдерге 20% мөлшерде қосымша тарифтер, сондай-ақ Қытайдан әкелінетін кейбір тауарларға тарифтер енгізуге қатысты түсініктемелері, ОПЕК және ОПЕК+ -тің мұнай өндірісін 1 млн. баррельге арттыру туралы Венада өткен кезекті кездесудегі шешімі, Ангия Банкінің ақша-кредит саясатын сақтау туралы шешімі, Еуропа Орталық Банкі, Федералдық Резервтік Жүйе өкілдерінің және Англия Банкінің экономикалық өсу және монетарлық саясатқа қатысты түсініктемелері болды. Осы факторлар әлемдік нарықтарда АҚШ долларының біраз құбылмалығына әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының² АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:


- **Бразилия реалы** Бразилия Орталық банкінің негізгі мөлшерлемені сақтау туралы шешімі аясында 1,6%-ға (3,73-тен 3,79-ға дейін) әлсіреді;
- **Индонезия рупиясы** 8 маусымнан 19 маусым аралықтағы кезеңде демалыс және мерекеден кейін валюта бағамын тұрақтандыру үшін Индонезия Банкінің өктемдік жүргізуіне қарамастан 1,1%-ға (13 932-ден 14 086-ға дейін) әлсіреді.
- **Оңтүстік Африка рэнді** 0,1%-ға (13,43-тен 13,44-ке дейін) әлсіреді;
- **Ресей рублі** 0,2%-ға (63,14-тен 62,99-ға дейін) нығайды;
- **Үндістан рупиясы** 0,3%-ға (68,02-ден 67,83-ке дейін) нығайды;
- **Түрік лирасы** 24 маусымда қатарлас өтетін президенттік және парламенттік сайлаулардың қарсаңында валюта бойынша инвесторлардың қысқа позицияларды жабуы аясында 1,1%-ға (4,73-тен 4,68-ге дейін) 1,1%-ға нығайды;
- **Мексика песосы** Мексика Банкінің базалық мөлшерлемені 7,75%-ға дейін 0,25%-ға көтеру туралы шешімі аясында 3,0%-ға (20,63-тен 20,01-ге дейін) нығайды.

¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

² АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.


Дамушы елдердің валюталары бағамдарының АҚШ долларына қарағанда өзгеруі, %

(2018 жылғы 15-22 маусым)



Дамушы елдердің валюталары бағамдарының АҚШ долларына қарағанда өзгеруі, %

(2018 жылдың басынан бастап 2018 жылғы 22 маусым аралығында)



Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz